

Список литературы:

1. НУР-СУЛТАН. КАЗИНФОРМ – Президент РК Касым-Жомарт Токаев призвал повышать интерес к чтению у школьников, передает корреспондент МИА «Казинформ».
2. Выготский Л.С. Культурно-историческая теория развития психики.
3. Текутьева И.А. Жанрово-тематическая классификация видеоблогинга // Медиасреда. 2016. № 11. С. 107-112.
4. Современные образовательные технологии / под ред. Н.В. Бордовской. М.: КНОРУС, 2010.
5. Серебряная, М.Я. Типология чтения и читателей художественной литературы: научно-практическое пособие / М.Я. Серебряная, Г.Н. Швецова-Водка. – Москва: Литера, 2014. – 303 с.
6. Курбанова, Э. Д. Challenges как инструмент международной массовой коммуникации / Э. Д. Курбанова, О. В. Новоселова.
7. Боева, Г. Н. Челендж – 2018 года: о двух юбилеях ушедшего года Литературные юбилеи как зеркало русской жизни / Г. Н. Боева.

ДАРЫНДЫ ОҚУШЫЛАРМЕН ЖҰМЫС

Каррамова Лаззат Капанғалиевна,
Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Лисаков қаласы білім бөлімінің №6 жалпы білім беретін мектебі» КММ
қазақ тілі мен әдебиет мұғалімі

Аннотация

Өзектілігі: Дарынды оқушылардың ой – өрісін кеңейтетін, қызығушылықтарын арттыратын нақты белсенді әдіс- тәсілдер сипатталған.

Мақсаты: Дарынды оқушылардың ойлау және шығармашылық қабілеттерін дамытатын белсенді әдіс тәсілдерді ұтымды қолдану.

Түйінді сөздер: дарындылық, қалыптастыру, дамыту, әдіс – тәсілдер.

Аннотация

Актуальность: В статье рассматриваются эффективные методы и приемы в работе с одаренными детьми.

Цель: Использование эффективных методов и приемов для развития творческого мышления одаренных детей.

Ключевые слова: одаренность, методы и приемы, формирование, развитие.

Abstract

Relevance: The article shows effective methods and techniques of working with gifted children.

Purpose: to use effective methods and techniques for the development of creative thinking of gifted children.

Keywords: giftedness, methods and techniques, formation, development.

«Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады:біреуі – ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады. Біреуі – білсем екен дейді. Не көрсе соған талпынып, «ол немене?», «бұл немене? деп, «ол неге үйтеді?», «бұл неге бүйтеді? деп,көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Мұның бәрі – білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен» – деген екен улы Абай атамыз Жетінші қара сөзінде.

Баланың бойындағы туа біткен қасиеттерді дамытатын – тәрбие мен оқыту. Неғұрлым баланың қабілеті мен талантын дамытуға ертерек көңіл бөлінсе, соғұрлым оны толық ашуға мүмкіндік туады. Бала бойындағы ерекше қасиеттерді үлкендер дұрыс жеткілікті бағаламаса, оның "өзгелер" сияқты болып қалып қоюы мүмкін. Сондықтан оқушылардың ой – өрісін кеңейту, танымдық қабілеттерін дамыту әр мұғалімнің міндеті деп санаймын.

Мектепте жұмыс істеп келе жатқаным 32 жылдай болды, алдыма қойған мақсатым – оқушы бойындағы жылт еткен сәулені сөндіріп алмай, әрі қарай шыңдау.

Дарынды балалармен жұмыс жасауға үлкен көңіл бөлуемін. Алдымнан талай қалалық, облыстық жүлдегерлер шықты десем артық айтылған болмас.

Мен үшін ең бастысы қазақ тілі пәніне қызығушылық танытып отырған оқушыны анықтап алу. Сабақ барысында ондай оқушыны жан-жақты зерделеймін. Бұл, әрине, оңай жұмыс емес. Олардың жаны нәзік келеді, алдарына қол жетпес мақсаттар қояды, айналасындағыларға шыдамсыздау келеді және ересектердің ықыласына мұқтаж.

Баланың дарындылық деңгейін сүйемелдеу және арттыру мақсатында белгілі бір жоспар бойынша жұмыс істеймін. Пәнге қызығушылық танытып отырған оқушының шығармашылық тұрғыдан ойлау білу, алған білімдерін іс жүзінде қолдана білу икемдерін дамытып, өздігімен жұмыс істеу дағдысын қалыптастырамын. Осы кезеңінде жұмыстың топтық формалары әлдеқайда орынды деп санаймын. Бұл форма – өз ойларын жүзеге асыру алаңы. Оқушылардың қарым-қабілетін, дарыны мен шығармашылығын дамытуға бағыттылған. Ортаға салынған идеяларды жүзеге асыруға кең мүмкіндік береді. Әр сабақта рөлдік тренингтер, ғылыми-тәжірибелік жұмыстар, жобалық тапсырмалар пәннен бөлек шығармашылық тапсырмаларды қолданамын, сонымен қатар эссе жазу дағдыларын қалыптастырамын.

Балалардың ауызекі сөйлеу қабілетін дамытуда ойынның ролі үлкен. Ойын оқушыларды ойлауға, есте сақтау қабілеттерін арттыруға, сөйлеу өнеріне, ғылыми тұрғыда ізденуге, жадын дамытуға, пікір таласып ойталқыға түсуге ықпал ететіні барлығымызға мәлім.

Сабақтан тыс қосымша дидактикалық материалдарды ұсынып, қосымша беріп отыратын тапсырмаларды дамытушы дәптерлеріне жазғыздырамын. Меңгеру, есте сақтау сыныпта және үйде қайталау міндетті емес, қосымша ақпаратты пайдалану – балалардың жалпы дамуының қажетті шарттары болып табылады. Мұндай ақпарат оқушының жалпы мәдениеті мен эрудициясын дамытуға мүмкіндік береді. Осы мақсатта, сабақтың «Бұл қызық», «Сіздер білесіздер ме?» және тағы басқа элементтерді пайдаланамын.

Оқытуда түрлі тақырыптарда әңгіме, пікірталас өткізіп, алған әсерлері туралы шығарма жаздыртамын. Күрделі тапсырмалар орындатамын. Бұл жұмыстардың барлығы жүйелі түрде іске асып отырады.

«Тыңдалған және оқылған мәтіннің қысқаша мазмұнын айтып бер», «Фильм мен кітаптан алған әсерлерін жаз», «Таныс ертегі, әңгіме, өлеңдердің қысқаша мазмұнын жаз», «Әдеби шығармадан алынған көркем, бейнелі сөздерді жаз», «Газетке шағын хабарлама/мақала жаз», «Белгілі оқиғаны өз көзқарасымен өзгертіп аяқта», «Әдеби шығарма мәтініндегі оқиғаны өз көзқарасымен өзгертіп аяқта» дене ізденіс тапсырмалар өз бетінше ізденіп оқуды ұйымдастырады.

Түрлі конкурстар, байқаулар, жарыстар – дарынды оқушылардың шығармашылық дамуының сыннан өткен нысандары болып келеді. Сондықтан дарынды оқушыларды мектепшілік іс-шараларға белсене қатыстырып, өзінің дарындылығын көрсететіндей тәжірибе жинату керек. Логикалық тапсырмалар, зерттеу қабілеттерін дамытатындай жұмыстар жиі ұсынып тұрамын. Мысалы, «Мәтінді оқып, мазмұнын өз бетінше айтып бер», «Мәтінді жалғастыр», «Мәтіннің негізгі ойын тап» деген тапсырмалар оқушының ой-өрісінің өсуіне жағдай жасайды. Мұндай тапсырмалар оқуға деген белсенділігін дамытады, арттырады. Қиын тапсырмаларды сүйсіне орындауға, проблемаларға тереңнен қарау ұмтылысы дамиды деп сенемін.

Мәтінмен жұмыс жасағанда келесі әдіс – тәсілдерді қолданамын:

1. Сұрақ-жауап»

Мәтінді тыңдатып, бір-біріне сұрақ қояды. Өздерінің жауаптарынан мәтін құрады. Құрастырған мәтіндері мен аудиомәтінді қайта тыңдап, салыстырады.

2. «Мәтінді тыңдап, аяқта»

Берілген мәтіннің басын тыңдап, аяғын өзі құрастырып, аяқтайды.

3. «Ассоциация және болжам»

Оқушылар топпен, жұппен немесе жеке тапсырма алады. Мәтіннің тақырыбын естігеннен кейін қандай ассоциация пайда болды? Мәтін не туралы болады деп ойлайсыз? деген сұрақтарға жауап беруге тырысады. Бұл мәтінмен атқарылатын жұмыс түрлерінің бір бөлігі ғана. Ал, енді осы мәтіннен кейін оқушылардың өздерімен орындайтын жұмыс түрлерінің кейбіреулеріне тоқталғым келеді.

4. «Төрт сөйлем» тәсілі

1. Пікір. Тыңдаған мәтін бойынша өзіндік пікірін бір сөйлеммен жазады.
2. Дәлел. Өз пікірін бір сөйлеммен дәлелдейді.
3. Мысал. Пікірін өмірмен байланыстырып, мысал келтіреді.
4. Қорытынды. Тақырып бойынша қорытынды шығарады.

5.«Әдеби шеңбер» стратегиясы

Оқушылар төрт топқа бөлініп, тапсырма беріледі. Топпен жұмыс орындалған кезінде дарынды, қабілетті оқушылар көшбасшы болып тізгінін өз қолдарына ала біледі.

6. Талқы себепшісі – тақырып бойынша 5 сұрақ құрастырады. (кейіпкерлері, сюжет, қарым-қатынас, автор позициясы, т.б. бойынша)

7. Белгілеуші – мәтіннің қай бөлімі ең маңызды екенін дәлелдейді.

Байланыстырушы – тақырыпты өмірмен байланыстырады, дәлелдейді.

Қорытындылаушы – автор позициясы мен көтерген мәселесін қорытындылайды.

8. «ПОПС» формуласы

Бірінші сөйлем «Менің ойымша...»

Екінші сөйлем «Себебі, мен оны былай түсіндіремін ...»

Үшінші сөйлем «Оны мен мына фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын...»

Соңғы сөйлем «Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім...»

9. «Дербес пікір» жазу тәсілін қолдананып, мәтін мазмұны бойынша пікірін жазады. Қазіргі өмірмен байланыстырады.

1. Өзіндік пікір (идея) – бір сөйлем.

2. Дәлел – екі сөйлеммен келтіру керек.

3. өз пікірін айғақтайтын мысал – екі сөйлем.

4. өз пікіріне қарсы пікір – бір сөйлем.

5. қарсы дәлелді жоққа шығаратын мысал екі сөйлемнен тұру керек.

6. қорытынды екі сөйлемнен тұрады.

Технологиялық ұлы өзгерістерге толы заманда жатқан жас жеткіншектердің қазіргі өмірге бейімділігі болу керек. Ол өмірдің әр тетігіне үңіліп, тығырықтан шығар жолға даяр болуы қажет. Дарынды да, қабілетті оқушыларды ғылымға баулу, ғылым арқылы жас ұрпақты дарындылыққа баулу- әр ұстаздың міндеті. Ендеше, баланы заманына қарай икемдеп, өз заманының озық өнегесін оның санасына сіңіре білу, оларды шығармашылық бағытта жан-жақты дамыту – бүгінгі күннің басты талабы екенін әр ұстаз естен шығармауы абзал. Түйіндей келгенде, дарындылық қабілеті бар оқытушылармен жұмыс жасау ұстаздардан кешенді шығармашылық ізденістерді талап етеді. Ұстаз әрқашан заманауи өзгерістер мен жаңашылдыққа бейім, оны өз тәжірибесі мен он біліктілік қуатын өткізе отырып, оқушының мұрат-мақсаттарын ұштауға бағыттай білуі тиіс.

Әдебиеттер тізімі:

1. «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде». №7. – 2008 ж. – «Дарынды балалардың шығармашылығын дамыту» С. Нұрәлиева.

2. «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде» – №2. – 2006 ж. – «Дарынды оқушылармен жұмыс» М. Құрманбаева.

3. «Педагогика және педагогикалық технологиялар». Ақтөбе. 2001ж.

4. «Оқушылардың дарындылығы мен шығармашылық қабілеттерін арттыру жолдары» Г.С. Жағырапова. 2006 ж.